

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

“Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті” коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Ө. А Байқоңыров атындағы Тау - кен және металлургия институты

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы

Толепбергенова Мадина Бакытбековна

«Алматы қаласы бойынша ТҚҚ кәдеге жарату технологиясын әзірлеу»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Мамандығы 6В05205 – Химиялық және биохимиялық инженерия

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

“Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті”
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Ө. А. Байқоңыров атындағы Тау - кен металлургия институты

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им.К.И.Сатпаева»
Горно-металлургический институт
им. О.А. Байконурова

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ХПжӨЭ кафедрасының
менгерушісі, т.ғ.к., доцент

 Кубекова Ш.Н.


« 7 » 06 2024 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Алматы қаласы бойынша ТҚҚ кәдеге жарату технологиясын әзірлеу»

Мамандығы 6B05205 – «Химиялық және биохимиялық инженерия»


Орындаған

Толепбергенова М.Б. 

Рецензент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті

«Турақты даму бойынша ЮНЕСКО»
кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

 Тусупова Б.Х.


« 06 » 06 2024 ж.

Ғылыми жетекші

магистр, аға оқытушы

Абдрахманова Ж.Б.

PhD, аға оқытушы

 Сарсембин У.К.

« 07 » 06 2024 ж.

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы



**Дипломдық жұмыс орындауға берілген
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Топебергенова Мадина Бакытбековна

Тақырыбы: «Алматы қаласы бойынша ТҚҚ кәдеге жарату технологиясын әзірлеу»

Университет ректорының 2023 жылғы "4" желтоқсандағы №548 бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «7» мауысым 2024ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: Қатты тұрмыстық қалдықтар туралы, сонымен қатар диплом алды тәжірибеден жиналған мәліметтер.

Дипломдық жұмыста әзірленуге жататын мәселелердің тізбесі немесе дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны:

- а) Қатты тұрмыстық қалдықтар жайлы жалпы мәліметтер
- б) Қолданыстағы бар әдістер арқылы ТҚҚ кәдеге жарату технологиясы
- в) Компостау технологиясы
- г) Тұрғын үйлерден шығатын қалдықтардың шығындарын есептеу

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде сызбалардың саны көрсетілген сызбалық материалдар тізімі): жұмыс презентациясының 17 слайдтары ұсынылған

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 18 атаудан тұрады

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Қатты тұрмыстық қалдықтар жайлы жалпы мәліметтер.	22.10.2023 - 20.11.2023	
Қолданыстағы бар әдістер арқылы ТҚК кәдеге жарату технологиясы.	21.11.2023 - 25.12.2023	
Тұрғын үйлерден шығатын қалдықтардың шығындарын есептеу.	04.01.2024 - 10.05.2024	

Аяқталған дипломдық жұмыс үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын (жобасын) көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Қалдықтарды сұрыптаудың техникалық тәсілдері. Компостау технологиясы.	Сарсембин У.К. ада оқытушы, PhD	07.06.24	
Алматы қаласындағы тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауды шешудің технологиялық жолдары.	Сарсембин У.К. ада оқытушы, PhD	07.06.24	
Норма бақылаушы	Сарсембин У.К. ада оқытушы, PhD	10.06.24	

Ғылыми жетекші

Абдрахманова Ж.Б

Сарсембин У.К

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Толепбергенова М.Б

Күні

«10» 06 2024 ж

АНДАТПА

Дипломның тақырыбы: «Алматы қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату технологияларын әзірлеу».

Дипломдық жұмыста Алматы қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату технологиялары қарастырылған. Дипломдық жұмыстың негізгі мазмұны кәдеге жарату әдістерінің ішіндегі тамақ қалдықтарын өндеу әдісінің схемасы, технологиясы ұсынылған.

Алматы қаласы бойынша «Алғабас» полигонынан шыққан қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін зиянды газдар арнайы программамен талданылып, есептеулер жүргізілген.

Қалдықтарды кәдеге жарату шараларын жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар ұсынылған.

АННОТАЦИЯ

Название диплома: «Разработка технологий утилизации ТБО в городе Алматы».

В дипломной работе рассматриваются технологии утилизации твердых бытовых отходов в городе Алматы. Основным содержанием дипломной работы являются схема и технология способа переработки пищевых отходов среди утилизации твердо бытовых отходов.

Расчеты проводились с помощью специальной программы для расчета анализа вредных газов свалки «Алғабас» в городе Алматы.

Представлен ряд предложений по совершенствованию мер по утилизации отходов.

ANNOTATION

Topic of the diploma: “Development of solid waste recycling technologies in the city of Almaty.”

The thesis examines technologies for recycling solid household waste in the city of Almaty. The main content of the thesis is the scheme and technology of the method of processing food waste among the methods of recycling solid household waste.

Calculations were carried out using a special program for calculating the analysis of harmful gases at the Algabass landfill in the city of Almaty.

A number of proposals are presented to improve waste disposal measures.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесіне теориялық сипаттама	8
1.1 Қатты тұрмыстық қалдықтардың классификациясы мен қасиеттері	9
1.2 Қатты тұрмыстық қалдықтардың морфологиялық құрамы.	11
2 Алматы қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтардың қолданыстағы бар әдістер арқылы кәдеге жарату.	13
3 Тамақ қалдықтарын қайта өңдеу, компосттау технологиясы	16
4 Алматы қаласындағы тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауды шешудің технологиялық жолдары	23
5 Қатты тұрмыстық қалдықтардың полигондарының классификациясы	25
5.1 Алматы қаласының буферлік аймағында орналасқан полигондардың жағдайы	26
6 Алматы қаласындағы Түркісіб ауданы, Жас Қайрат тұрғын үйінен шығатын қалдықтардың шығындарын есептеу	29
6.1 Алғабас полигонынан шыққан метан газын есептеу	30
7 Алматы қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтардан шыққан зиянды заттардың қоршаған ортаға кері әсері	34
8 Алматы қаласының қатты тұрмыстық қалдықтардың кәдеге жарату технологиясын, шет мемлекеттермен салыстырмалы көрсеткіштер жүргізу	38
8.1 Қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемін азайтатын 5 R алгоритмы	39
Ұсыныс	42
Қорытынды	43
Қолданылған әдебиеттер тізімі	44

КІРІСПЕ

Дипломымның тақырыбы: Алматы қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату технологияларын әзірлеу. Қазақстан үшін қоршаған ортаның ластануы ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Соның ішінде, өндірістен шыққан қалдықтар мен күнделікті өмірдегі тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату мәселесі қиынның-қиыны болуда. Қалдықтарды кәдеге жарату мәселесі халықтың өмір сүру жайлылығына айтарлықтай әсер етуде. Бұрын арнайы полигондарда өртеу және көму арқылы қалдықтарды кәдеге жарату технологиялары оларға жүктелген миссияны өте жақсы орындаса, енді қалдықтардың мөлшері мен олардың әртүрлілігінің өсуіне байланысты жоғарыда сипатталған әдістерді қолдану арқылы кәдеге жарату қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіруі мүмкін. Сонымен қатар, олар қоршаған ортаға зиянды химиялық, биологиялық және биохимиялық заттардың жеткізілу көзі бола алады. Бұл халықтың денсаулығы мен өміріне белгілі бір қауіп төндіреді. Қалдықтарды қайта өңдеу мәселесін шешу соңғы жылдары бірінші кезектегі маңызға ие болды. Сондықтан да бүгінгі күні кәдеге жаратудың жаңа, тиімді және экологиялық таза әдістерін әзірлеу өзектілігі бұрынғыдан да өткір болып отыр.

Дипломдық жұмыстың мақсаты: ҚТҚ технологиясы қазіргі қоғамдағы өзекті мәселе екені баршамызға мәлім, соған орай, оңтайлы шешімдерді табу үшін жан-жақты зерттеулерді қажет етеді. Бұл мәселені шешу және тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеудің тиімді технологиясын білу қажет. Бұл дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты Алматы қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату бойынша зерттеулер жүргізіп, қазіргі заманауи технологияларға сай ұсыныс беру болып табылады. Сонымен қатар, қалдықтарды басқарудың қолданыстағы технологияларын қарастырдым.

Дипломдық жұмыстың міндеті:

- Қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесіне толықтай шолу жасау.
- Қалдықтарды сұрыптап кәдеге жарату технологиясын қарастыру.
- Алматы қаласындағы ТҚҚ мәселесін зерттеу
- Экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында компостау технологиясын әзірлеу
- Алматы қаласындағы тұрғын үйлерден шығатын қалдықтардың шығарындыларын есептеу
- Алматы қаласының буферлік аймағында орналасқан полигондардың жағдайы

1 Қатты тұрмыстық қалдықтар мәселесіне теориялық сипаттама

Қалдықтар – өндіріс немесе тұтыну процесінде пайда болған шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың, басқа да өнімдердің немесе өндіріс пен тұтыну процесінде пайда болған өнімдердің, тұтынушылық қасиеттерін мүлдем жоғалтқан өнімдер. "Қатты тұрмыстық қалдықтар" термині пайдалануға жарамсыз тауарлар мен заттарды білдіреді. Адам қалдықтарын зерттейтін ғылымның мамандандырылған саласы бар. Ол "гарбология" деп аталады ағыл *garbage*- қоқыс[1]. Тұрмыстық қатты қалдықтар – бұл тамақ қалдықтарының, пластиктің, металдың, қағаздың және т.б. гетерогенді қоспасы, олар фракциялық (бөлшектердің мөлшері) және химиялық құрамы бойынша әр түрлі болуы мүмкін. Қатты қалдықтардың құрамы әр елдер мен қалаларда әртүрлі. Бұл көптеген факторларға, соның ішінде халықтың әл-ауқатына, климатына қолайлылығына байланысты. Қоқыс құрамына қаланың шыны ыдыстарды, макулатураларды және т.б. жинау жүйесі айтарлықтай әсер етеді. Ол маусым мен ауа-райы жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін. Осылайша, күздегі көкөністер мен жемістерді көбірек тұтынумен байланысты тамақ қалдықтарының мөлшері артады. Ал қыста және көктемде көше қалдықтары мөлшері азаяды. Уақыт өте қатты қалдықтардың құрамы біршама өзгереді. Қағаз және полимерлі материалдардың үлесі артып келеді. Ал орталықтандырылған жылумен жабдықтауға көшкен кезде қатты қалдықтардан көмір мен шлак іс жүзінде жоғалады [2]. Бұл қалдықтар полигондарда дұрыс сақталмаса және өңделмесе, жағымсыз иіс пайда болады. Ол айналадағы ауаны ластауы мүмкін және адам денсаулығына, табиғатқа және қоршаған ортаға елеулі әсер етуі мүмкін.

Қатты коммуналдық қалдықтар былай бөлуге болады:

- Биологиялық қалдықтар-сүйектер, тамақ қалдықтары және т. б.
- Биологиялық емес қалдықтар (тұрмыстық қоқыс).
- Екінші түрге мыналар жатады:
- Целлюлозаны қайта өңдеу өнімдері (қағаз және картоннан жасалған бұйымдар, ағаш).
- Шыны.
- Металдар.
- Қауіпті тұрмыстық қалдықтар (сынап шамдары, батареялар және т.б.)[1]

1 - кесте - Қазақстандағы қатты тұрмыстық қалдықтардың құрамы[3]

Компоненттер	ҚТҚ үлесі %
Тамақ қалдықтары	40.7
Макулатура	18.6
Полимер	20.2
Шыны	10.9
Қара металдар	6.2
Түсті металл	3.4

2 - кесте - Қатты қалдықтардың негізгі көздері[4]



1.1 Қатты тұрмыстық қалдықтардың классификациясы мен қасиеттері

3 - кесте - Қатты тұрмыстық қалдықтардың классификациясы



3-кестеден көрініп тұрғандай, қалдықтар шығу тегіне байланысты үш түрге, ал физикалық жағдайы бойынша үш күйге, табиғи әсері бойынша – бес класқа бөлінеді.

Қауіптілік класы:

Бірінші класс экологиялық тепе-теңдікті бұзатын және адам денсаулығына үлкен қауіп төндіретін өте жоғары қауіпті қалдықтар кіреді. Бірінші сыныпқа құрамында сынап, полоний, плутоний бар қалдықтар жатады.

Екінші класс кем дегенде 30 жыл бойы ыдырайтын жоғары қауіпті қалдықтар жатады. Мұндай қоқыс бірінші сыныпқа қарағанда қауіпті емес, бірақ ол экологияны қатты бұзады және флора мен фаунаға зиян келтіреді. Қалдықтардың екінші класына мыналар кіреді: қышқыл және сілтілі ерітінділер, резеңке шиналар, реагенттер, қайта зарядталатын батареялар. Мұндай қалдықтардағы басты қауіп-химиялық қосылыстар мен зиянды заттар. Мысалы: мышьяк, фенол, литий, күкірт қышқылы.

Қауіптің үшінші класс орташа қалдықтар ондаған жылдар бойы табиғи түрде ыдырауы мүмкін. Орташа қауіпті қоқысты толық жоюдың орташа мерзімі кемінде 10 жылды құрайды. Үшінші класты қалдықтарға мыналар жатады: мұнай өңдеу өнімдері, құс фермаларынан алынған май қалдықтары, мал көңі, цемент және шаң. Үшінші класты қалдықтардың пайда болуының ең көп тараған көздері ауыл шаруашылығы және мұнай өңдеу кәсіпорындары болып табылады.

Төртінші класс қоршаған ортаға аз зиян келтіретін және 3 жыл ішінде ыдырайтын қауіпті емес қалдықтардан тұрады. Қауіпті емес қоқыстардың әсерінен кейін табиғат өздігінен қалпына келе алады. Қалдықтардың үшінші класына мыналар кіреді: жиһаз, шиналар, шіріген биологиялық қоқыс, шыны. Көп жағдайда майға қауіпті қалдықтар қайта өңдеуге болатын құрылыс және тұрмыстық қоқыс болып табылады.

Қауіптің соңғы класы-бесінші-Қауіпсіз қалдықтар. Бұл қоршаған ортаға және адамға зиян келтірмейтін және қайта өңдеу үшін де пайдаланылуы мүмкін қоқыс. Қауіпсіз қалдықтарға мыналар жатады: Қағаздан жасалған бұйымдар, картоннан жасалған қаптама, тамақ қалдықтары, Металл. Бесінші кластағы қалдықтарды салыстырмалы түрде қауіпсіз деп атауға болады.

Органикалық қалдықтар классификациясы: Органикалық қалдықтар маңызды энергия көзі болып саналады, өйткені оларды физикалық, химиялық және биотехнологиялық әдістердің жиынтығы арқылы энергияға тиімді түрлендіруге болады. маңызды энергия көзі болып саналады, өйткені оларды физикалық, химиялық және биотехнологиялық әдістердің жиынтығы арқылы энергияға тиімді түрлендіруге болады[5].

4 - кесте - Органикалық қалдықтар классификациясы[5]




1.2 Қатты тұрмыстық қалдықтардың морфологиялық құрамы

Қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу бағыттарын анықтау және оларды кейіннен өңдеу мақсатында бөлек жинаудың әзірленген жүйесін қалыптастыру үшін олардың морфологиялық құрамын білу қажет, ол да маусымдық өзгерістерге ұшырайды. Қалдықтардың морфологиялық құрамы – бұл қалдықтардағы шығу тегі, химиялық құрамы және қасиеттері бойынша бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетін жекелеген компоненттердің құрамы. Морфологиялық құрамы жалпы массадан пайызбен көрсетіледі. Алынған немесе қайта өңдеуге жататын қалдықтардың көлемін дәлірек бағалау үшін қатты қалдықтарды талдауда қолданылады. Қатты қалдықтардың құрылымдық құрамы қалдықтарды басқару жүйесін қалыптастырудың анықтаушы факторы болып табылады. Бұл жинау және кәдеге жарату жүйесіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ қатты қалдықтармен жұмыс істеу шараларының оңтайлы конфигурациясын анықтайтын қалдықтардың сапалы құрамы. Бұл көрсеткіштің маңыздылығы қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу әдістерін таңдау кезінде айтарлықтай артады. Ауылдық жерлердегі қалдықтардың морфологиялық құрамы қалалық жерлерге қарағанда ерекшеленеді. Онда органикалық қалдықтар басым және азырақ үлес салмағы пластмасса, орау материалдары, қағаз және картон. Айта кету керек, ауылдық жерлерде қалдықтардың органикалық бөлігі әдетте полигондарға тасталмайды. Органикалық қалдықтардың едәуір бөлігі жануарлар қоректенеді немесе үйде компост ретінде пайдалынады. Сонымен қатар, жылыту мақсатында ағаш және басқа да

материалдарды жағуға болады. Бұл екі әрекет те пайда болатын қалдықтардың құрамы мен көлеміне әсер етеді.

Морфологиялық белгілеріне қарай қатты тұрмыстық қалдықтар келесі компоненттерге бөлінеді.

5 - кесте - Қатты тұрмыстық қалдықтардың морфологиялық құрамы[3]



1 - диаграмма - Қазақстан Республикасындағы қатты тұрмыстық қалдықтардың орташа морфологиялық құрамы, 2020 жылғы көрсеткіштер бойынша жүргізілген зерттеулер [3]

2 Алматы қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтардың қолданыстағы бар әдістер арқылы кәдеге жарату

Қазақстанда 2024 жылы сұрыпталған қалдықтардың көлемі 1,3 млн тоннаны құрады, оның 65%-ы іс жүзінде сұрыпталған деп жіктеуге жатпайтын аралас қалдықтар. Яғни, елімізде статистика бойынша сұрыпталған қалдықтардың көлемі 24%-ға да жетпейді, Алматыда күніне 1300 тонна қоқыс қабылдайтын қоқыс сұрыптау кешені бар. Қоқысты кәдеге жарату әдістері әртүрлі [7].

6 - кесте - Қалдықтарды кәдеге жарату кезіндегі жұмыс кезеңі[8]

Жинау	Тұрғын үйлерден шығатын қалдықтарды жинау. Тұрғын үйлердің жанында қатты тұрмыстық қалдықтарды тастайтын контейнерлер бар. Әрбір контейнер тиісті қоқысты сақтауға арналған.
Шығару	Арнайы жүк көлігі шикізатты қаладан тыс жерлерге полигондарға шығарып тастайды.
Сұрыптау	Бірінші кезекте қалдықтар сұрыпталады. Тамақ қалдықтары, шыны, қағаз, маталар мен полимерлер бөлек ыдыстарға салынады.
Бейтараптандыру	Сұрыпталып болғаннан кейін ПЭТ, өзге де шикізатты өңдеу немесе жою жүргізіледі.

Осы әдістерден кейін қалдықтарды полигондарға жібереді. Қазіргі уақытта тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату үш тәсілдің бірімен жүзеге асырылады: Көму, сұрыптау және жағу.

Полигондарға көму - қалдықтарды жоюдың ең қарапайым және арзан нұсқаларының бірі. Қоқысты көму. Бұл әдісі тиімсіз және экология үшін қауіпті, бірақ бүгінгі таңда, Алматы қаласының тұрғындарынан қалдықтарды кәдеге жарату үшін ең көп таралған әдіс болып табылады. Тұрмыстық қалдықтардың 80% ын осы әдіс арқылы жүргізеді. Бұл әдіс экологиялық тұрғыдан зиян.

Жану - барлық түрдегі қалдықтарды жоюдың ең тиімді әдісі. Ол 1000° С-тан асатын өте жоғары температураның әсерінен жүзеге асырылады, төмен температурада жағу процесі экология үшін қауіпті, нәтижесінде бұл әдіс жаңа технологиялармен ауыстырылады. Термиялық өңдеу, тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату қалдықтар органикалық фракциялардан арылуға мүмкіндік береді, бұл әдіс кәдеге жаратудың кең көлемінде жиі қолданылады. Тұрмыстық қалдықтарды термиялық өңдеу бірнеше процестерді білдіреді, қалдықтардың кез-келген улы емес түрінен арылуға немесе олардың көлемі мен массасын барынша азайтуға мүмкіндік беретін жиынтықтар. Сондай ақ термиялық өңдеу инфекциялық немесе эпидемиологиялық бактериялармен ластанған аспаптарды залалсыздандыру үшін жүргізілетін, жабдықтар мен өзге де заттар.

Осылайша, пайда болған жерлерде халықтың қалдықтарды сұрыптауы қалдықтарды жоюдың ең тиімді әдісі болып табылады. Оң дәлелдерге мыналарды жатқызуға болады:

7 - кесте - Қалдықтарды сұрыптаудағы оң дәлелдер [9]

Экологиялық дәлелдер	Гигиеналық дәлелдер	Экономикалық дәлелдер	Өркениет, эстетика
Селективті жинау ормандарды сақтауға ықпал етеді. Ыдырамайтын пластикалық қоқыс аз болады. Табиғи жолмен ресурстарды тұтыну азаяды (үнемдеу + экология).	Егеуқұйрықтардың саны азаяды. Жағымсыз иіс шығаратын полигондар өсуді тоқтатады	Қайта өңдеу зауыттары қосымша табыс табады. Қала бюджеті қайта өңдеуден түскен табыстармен толықтырылады. Полигондарға бөлінген аумақ азаяды	Қала өркениетті еуропалық қалаға айналады. Өмірдің жаңа мәдениеті. Болашақ ұрпаққа қамқорлық.

Қажеттіліктер үшін пайдалы фракцияларды сұрыптау

ҚТҚ-да көптеген құнды компоненттер бар, олар қайта пайдалануға жарамды. Бұл жағдайда ластанбаған қайталама шикізат өңдеуге тартылуы мүмкін.

Қалдықтар түсіріледі, содан кейін қолмен сұрыптау желісіне жіберіледі. Бұндай іспен Алматы қаласында ЖШС «GREEN RECYCLE» мекемесі айналысады. Мекеме қаладан шыққан тұрмыстық қалдықтардың 10% өндіреді. Қоқыс сұрыптау кешені 2018 жылы ашылып әлі күнге дейін жұмыс істеуде. Алып келген қоқысты сұрыптап, кәсіпорын 50 мың тоннаға дейін қайталама шикізатты: картон, қағаз, шыны, пластмасса одан әрі өндеп екінші реттік қолданыстағы бар заттар шығарады. Мекеме жылына 550 мың тонна құрайтын қатты тұрмыстық қалдықтарды арнайы технологияларды пайдаланып өндіреді.



1 - сурет - «Green Recycle» мекемесі. Қалдықтарды сұрыптау технологиясы

2-ші суретте көрсетіліп отырғандай, ЖШС «Green Recycle» мекемесінде қалдықтарды қолмен сұрыптаптайды. Пластик, қағаз бөлек сұрыпталады. Кейін арнайы технолгиялардан өтіп пластик престеліп, екінші реттік өндеуге жіберіледі. Пластиктан киім және басқа да түрлі заттар шығарады [9].

3 Тамақ қалдықтарын қайта өңдеу, компосттау технологиясы

Табиғаттағы тамақ қалдықтары із қалдырмай толығымен ыдырайды. Сондықтан оларды кәдеге жаратудың ең көне жолы – полигонға жіберу. Полигондар қаланың сыртында орналасқан, қалдықтар табиғи жолмен ыдырайды. Бұл әдіс көлікті қоспағанда, қосымша шығындарды талап етпейді. Бірақ бұл әдістер тиімді емес, өйткені тамақ қалдықтары көп және табиғат оны мұндай мөлшерде қабылдай алмайды. Жоғарыда айтылған екінші әдіс - қалдықтарды фермаларға жемге жіберу. Бұл жағдайда қалдықтар пайдалы, бірақ жануарлар әрқашан бүкіл партияны жеуге қабілетті емес. Артық қалдықтар да полигонға жіберіледі. Технологияның көмегімен қалдықтарды қайта өңдеу процесін ынталандыру адамзаттың қолында. Бұл әдістердің бірі компост жасау.

Компосттау – Органикалық қалдықтар биологиялық ыдырайтын және үй шаруашылықтарынан, бақшалардан, саябақтардан және басқа да қоғамдық нысандардан жиналған бау-бақша, көкөніс, жеміс-жидек және тамақ қалдықтарын қамтиды. Компосттау - бұл органикалық, биологиялық ыдырайтын қалдықтардың көпшілігін кетіретін салыстырмалы түрде жылдам биодеградация процесі. Белгілі болғандай, органикалық қалдықтар жиналып, бөлініп, компостқа айналады, нәтижесінде тұрақтандырылған немесе биологиялық ыдырайтын өнім алынады. Олар топырақ құрылымын жақсартады, әсіресе саз топырақтарда. Компостта көптеген қоректік заттар бар, сондықтан топырақ құнарлығын арттыру үшін тыңайтқыш ретінде қолданылады. Олар топырақтағы ылғалды сақтау үшін де қолданылады. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (292-баптың 3-тармақшасы) сәйкес жергілікті атқарушы органдар органикалық қалдықтарды бөлек жинауды және оларды пайдалануды ынталандыру арқылы коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 301-бабының талаптарына сәйкес 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда тамақ қалдықтарын полигондарға шығаруға қабылдауға тыйым салынады. Жергілікті атқарушы органдар биологиялық ыдырайтын қалдықтарды орналастыруды азайту жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде оларды кәдеге жарату, компосттау, биогаз алу және (немесе) өндірістік немесе энергетикалық мақсаттарда пайдалану жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға міндетті. Бүгінгі таңда Қазақстанда жеке шаруашылықтар мен қоғамдық тамақтандыру орындарында түзілетін тамақ қалдықтарының белгілі бір бөлігі бөлініп, мал азығына, сонымен қатар үй жағдайында компост жасауға пайдаланылады. Дегенмен, қатты қалдықтардың бөлігі ретінде органикалық қалдықтардың едәуір бөлігі полигондарда аяқталуын жалғастыруда. Бүгінгі таңда органикалық қалдықтарды кәдеге жарату мен өңдеудің әртүрлі технологиялары бар, соның ішінде: биогаз өндіру, энергияны қалпына келтіру арқылы жағу, компост жасау және т.б.

Нан өнімдердің қайта өңдеу:

Кәсіпкерлердің бастамасымен Алматыда бүлінген нан, ескірген шелпекпен тоқаш, мерзімі өткен макарон және басқа да нан-тоқаш өнімдерін жинауға арналған контейнерлер пайда болды. Әуезовауданының қоқыс алаңдарына арнайы сары бақтар орнатылды. Көптеген саналы қала тұрғындары тамақ қалдықтарын контейнерге тастамайды, бірақ оларды иттерді, құстарды және мысықтарды тамақтандыру үшін қалдырады. Бұл басқа тұрғындар үшін ыңғайлы емес. Контейнерлер орнатыла бастағанда, бұлаулар әлдеқайда азаю бастады. Аудан бойынша нан өнімдерін жинауға арналған 180 контейнер орнатылды.



2 - сурет - Алматы қаласындағы, нан өнімдерін жинайтын сары контейнер (Әуезов ауданы)

Талқан-Жем ЖШС қоймасынан анықталғандай, пластик пакеттерден тазартады. Содан кейін нан кептіріліп, ұсақталып, дайын жемге түйіршіктеледі. Термиялық өңдеуден кейін түйіршіктерді ұсақ және ірі қарамалазығына жіберуге болады. Компания айына 6000 мың кг нан өңдейді.



3 - сурет - Нан өнімінен жем жасау жүйесі

Органикалық қалдықтарды кәдеге жаратудың тиімді жолдарының бірі – вермикуляцияны қолдану, яғни арнайы шаруашылықтарда жауын құрттарын өсіру. Сарапшылардың пікірінше, вермикультура «жасыл» экономикаға көшу жолындағы маңызды қадам ғана емес, сонымен қатар қалдықтарды кәдеге жарату мәселелерін шешуге көмектеседі. Вермикультура органикалық қалдықтарды қайта өңдеудің перспективті бағыттарының бірі болып саналады. Органикалық қалдықтарды құрттармен қайта өңдеу, мысалы, қатты қалдықтарды жағу және салыстырмалы түрде арзан әдіске қарағанда, анағұрлым табиғи процесс.

Жауын құрттары органикалық заттардың ыдырауын бірнеше есе тездетеді және органикалық қалдықтарды гумусқа бай тыңайтқышқа өңдеуге мүмкіндік береді. Алынған өнімнің екінші бөлігі – мал азығына ақуыздық қоспа ретінде, сонымен қатар биологиялық шикізат ретінде сәтті пайдалануға болатын жауын құрттарының биомассасы. Мұндай өңдеу кезінде қалдықтарды кәдеге жарату ғана емес, сонымен қатар пайдалы өнім - вермикомпост алынады, ол отырғызу үшін негізгі органикалық тыңайтқыш ретінде, өсімдік шаруашылығында тыңайтқыш ретінде, тұрғын үй, өнеркәсіп және жол құрылысы кезінде топырақты толтыруға дайындау, және топырақты қалпына келтіруге арналған.

Вермикомпостер-тірі құрттарды пайдаланып тамақ қалдықтарын қайта өңдеуге мүмкіндік беретін жабдық. Дизайн қарапайым және бір-бірінің үстінде орналасқан бірнеше контейнерлерден тұрады. Жоғарғы деңгейлерде органикалық заттар мен вермикомпост жиналады, сұйықтық ең төменгі деңгейге түседі. Оның өткір иісі бар және үй гүлдері үшін де пайдалы. Құрттар органикалық заттарды баяу, тіпті көп мөлшерде өңдейді. Бактериялар сәл жақсы жұмыс істейді. Дайын тыңайтқышты бақшада қолдануға болады. Қазақстанда жауын құрттарын өсірудің және органикалық қалдықтарды өңдеу үшін вермикультураны пайдаланудың белгілі бір тәжірибесі жинақталған. 2014 жылы органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жәрдем көрсету мақсатында "іздеуші" технологиялық жауын құрттарын өсіру жөніндегі фермалар желісін дамыту жөніндегі

Қазақстан-Ресей Консорциумы құрылды. **"ИЛИН" ЖШС компаниясының** вермикультураны енгізу жобасы қызығушылық тудырады. "ИЛИН" ЖШС-1998 жылдан бастап Қостанай облысы Лисаков қаласының қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын пайдалануға және ұстауға жауапты қалдықтармен жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектісі. Компания өз жұмысында қатты тұрмыстық қалдықтарды көмудің траншеялық-карталық әдісін қолданады, бұл қоршаған ортаға жүктемені едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Осы мақсатта полигонда *eisenia foetida* - Калифорнияның қызыл құрты арқылы органикалық қалдықтарды қайта өңдеу технологиясы енгізілуде. Бұл технологияның міндеттері траншеялық технологияны қолдана отырып, Қызыл Калифорния құрттары мәдениетін қолдана отырып, қатты тұрмыстық қалдықтарды жою процесін зерттеу, сондай-ақ қалалық ҚТҚ полигонында органикалық құрттарды өңдеу үшін өндірістік учаске құру болып табылады. Қазақстанда және басқа елдерде қызыл калифорниялық құртты пайдалана отырып органикалық қалдықтарды қайта өңдеу технологиясын тарату полигондарға түсетін қатты қалдықтардың көлемін азайтады және жаңа полигондардың салынуын болдырмайды, сонымен қатар ауаға метан шығарындыларының алдын алу есебінен парниктік газдар шығарындыларын азайтады.

8 - кесте - Тамақ қалдықтарын өңдеу технологиясының жақсы және жаман жағы


Жақсы жағы	Жаман жағы
<p>1. Органикалық заттар топырақты пайдалы микроорганизмдермен байытады.</p> <p>2. Топырақтағы құрттар көбейіп, қозғалып, қазу әсерін жасайды.</p> <p>3. Гумус өсірілген өнімнің өсуіне және сапасына оң әсер етеді.</p> <p>4. Тамақ қалдықтары шошқа және құс фабрикаларына жем жасауға пайдаланылады.</p>	<p>1. Органикалық қалдықтарды дұрыс емес кәдеге жарату егеуқұйрықтар мен жәндіктердің көбеюіне әкеледі.</p> <p>2. Қоқыс қалдықтары жабайы жануарларды тартады, олар іш сүзегі, оба, басқа инфекциялар сияқты ауруларды таратады.</p> <p>3. Статистикаға сәйкес, органикалық қалдықтар полигонға түссе, климаттың өзгеруіне әсер ететін парниктік газдар шығарындыларының үшінші ең қарқынды көзі болып табылады.</p> <p>4. Биологиялық ыдырайтын өнімдердің ыдырау процесі полигондарда оттегі тапшылығы жағдайында жүреді және полигон газының бөлінуімен бірге жүреді. Полигон газы метаннан (CH₄), көмірқышқыл газынан (CO₂) және азоттан (N₂) тұрады.</p>

Тамақ қалдықтарын қайта өңдеу жүйесі

CHUGG (Чакг) - тағам қалдықтарын тікелей көзінде өңдейтін және қоқысқа тастау қиындықтарын үнемдейтін тамақ қалдықтарын өңдеудің инновациялық жүйесі.

- Chagg әрқашан аш болады. Сондықтан оны күнде тамақтандырыңыз
- Chagg тамақ ішкенді жақсы көреді, ал тамақ қалдықтары оның сүйікті тағамы

Енді тамақ қалдықтарын жоюды ұмытыңыз, **CHUGG** онымен айналысады.



4 - сурет - Чаг өндірісі

Жерді қоқыс тастайтын қалдықтардың үштен екісі биологиялық ыдырайды. Бұл қалдықтар шіріп, ыдырап, жаһандық жылынуға ықпал ететін

парниктік газдар шығарындыларын тудырады. CHUGG сізгеТҚК өндеуережелерін сақтауға көмектеседі. CHUGG парниктік газдарды ұстайды және оларды энергияға айналдырады, бұл парниктік газдардың әсерін айтарлықтай азайтады.

9 - кесте -Чагг басқа технологиялардан айырмашылығы

	Чаг	Органикалық қалдықтарды түрлендіргіш	Қоқысжәшіктерінкомпосттау
Процесс	Аэробты ашыты	Ынталандыру	Аэробты
Электроэнергия	Қажет емес	Қажет	Қажет емес
Азық-түлікұсақтағыш	Ұсынылады	Ұсынылмайды	Ұсынылады
Иіс	Жоқ	Бар	Бар
Қорыту уақыты	25-30 күн	жоқ	3-4 ай
Қоспалар химиялық заттар	Жоқ	Бар	Бар
Қоршаған ортаның ізі	Энергияны пайдаланбайды, тамақ дайындау және био көң үшін биогаз түзеді	Көміртекті позитивті пайдалану кезінде қуат пен нәтижелік разрядты өңдеу қажет	Көміртегі оң

Жұмыс істеу технологиясы



5 - сурет -Чагг қондырғысының жұмыс істеу технологиясы

Chugg артықшылықтары

- Қалдықтарды энергияға айналдыру Чакг тағам қалдықтарын жылу/электр энергиясын өндіру үшін пайдалануға болатын газға айналдырады.
- Қазіргі нанотехнология. Ол модульдік, ықшам және аз орын алады. Тамақ қалдықтары көбейген сайын қосымша құрылғыларды орнатуға болады. Биологиялық тазарту тамақ қалдықтарын өңдеуді жылдамдатады.
- Оңай орнату
- Құрылыс жұмыстары қажет емес. Орнату және жылжыту оңай
- Оңай пайдаланылатын қосымша өнімдер арқылы төлейді
- Чакг сіздің инвестицияңызды қайтара алатын газ бен көнді шығарады.
- Адамның минималды арасы
- Оны пайдалану өте оңай. CHUGG жүйесі автоматтандырылған және пайдалану өте оңай, оның жұмыс уақыты тәулігіне 15-30 минутты құрайды.
- Электр энергиясының қажеті жоқ
- Бұл жұмыс істеу үшін электр қуатын пайдаланбайтын биологиялық процесс. Ол иіссіз және қоршаған ортаны ластамайды.

SmartCare қондырғыс - тамақ қалдықтарын қайта өңдеуші, ол органикалық заттарды тыңайтқышқа дейін өңдейді.



6 - сурет -SmartCare қондырғысы

Бұндай қондырғы арқылы үйдегі қалған тамақтарды қайта өңдеуге арналған қарапайым және ыңғайлы шешім. Қалдықтарды және бүлінген тағамды дереу өңдейді және зарарсыздандырады.

Биопакет - қолданылғаннан кейін қысқы мерзім ішінде оттегі су және жарықтың әсерінен органикалық қослыстарға айналатын материалдан жасалған қаптама. Биопакеттің құрамында картоп, жүгері, крахмал және басқа да

органикалық өсiмшiлер бар. Толығымен ыдырау мерзiмi 3 айдан - 2 жылға дейiн.

"ЭКОПродуктсГрупп" ЖШС — толық биологиялық ыдырайтын өнiмшiлер атына алғашқы және жалғыз инновациялық отандық тауар өндiрушi. Құрамы 100% өсiмдiк шикiзаты. Өкiнiшке орай, Қазақстанда бар қоғамның тұтынушылық моделi қоршаған ортаны жоюға қатысады. Мысалы, полиэтилен пакетi барлық сауданүктелерiнiң қызметiне айналды. Мұндай пакеттiн өмiр сүру ұзақтығы орта есеппен 20 минуттан аспайды және ол ғасырлар бойы ыдырап, бiр уыспластикке айналады деп есептеледi. Жаппай қолдануда 1,5 жылдан 2 жылға дейiн ыдырайтын жалған био-пакеттер (оксо-ыдырайтын) бар, бiрақ олар бiруыс микропластикке айналады. Осылайша олар тұрақты ластануды құрайды. Мұндай апокалиптикалық сценарийдiң алдын алу үшін табиғат қатерiс әсер етпейтiн нақты биологиялық ыдырайтын пакеттер шығарыла бастады, өйткенi оларды ыдыраған кезде метан емес, жеткiлiктi зиянсыз көмiрқышқыл газы бөлiнедi. Био-пакет өсiмдiк тектес шикiзаттан (жүгерi немесе картоп крахмалы) өндiрiлген. Биопакеттер "маечка" түрiнде келедi.



7 - сурет - Гранула



8 - сурет - Шикiзат



9 - сурет - Дайын биопакет өнiмi

Пакет өндiрiсi осы түйрiшiктерден басталады. Шикiзат бункерге салынады, онда ол қыздырылған және пакет Бiр минут iшiнде 100 дана пакет шығарылады.

Одан кейiн шығады. болып

4 Алматы қаласындағы тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауды шешудің технологиялық жолдары

Тұрғындардың қалдықтарды бөлек жинауға ұсынылған технологиясы мыналарға негізделеді:

1. Қалдықтардан құнды компоненттерді барынша алу- бағалы компоненттерден тұратын қалдықтарды жоюды болдырмау қалдықтарды тікелей түзілу көзінен бөлек жинау, қайталама шикізат өндіру.

2. Қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайту мақсатында, полигондарға көмілетін қалдықтардың көлемін азайту.

3. Қалдықтарды қайта өңдеу саласын дамыту, қалдықтарды басқару жүйесіне инвесторлардың қызығушылығын арттыру. Бұл бюджетке жүктемені азайтады және де шағын бизнесті дамытуға мүмкіндік береді.

2019 жылдан бастап ең ірі қоқыс шығаратын компания "Ақ Тәртіп" ЖШС аулаларға торлы жасыл контейнерлер қоя бастады. Үй тұрғындары қалдықтарды сұрыптай бастайды және пластикті, қағазды, әйнекті, ал қалған қоқыстарды ескі контейнерлерге тастайды деп болжанған. Мұндай жүйе "дымқыл қалдықтардың" бүлінуінен көбірек құнды қайта өңдеуді сақтауға арналған. Бұдан әрі жиналған қайта өңделетін шикізат "Green Recycle" ЖШС қоқыс сұрыптау кешеніне жіберіледі, онда пайдалы материалдар мұқият алынады. Ал бүгінде қайта өңдеуге болмайтын барлық заттар "KAZ WASTE CONVERSION" ЖШС қоқыс полигонына шығарылады. Қоқыс шығаратын "Ақ Тәртіп" компаниясы барлық қызмет көрсетілетін контейнерлік алаңдарда бірнеше фракциялар бойынша ҚТҚ-ды бөлек жинауды ұйымдастырды:

- **Дымқыл** фракцияға арналған тұтас металл контейнерлер — тамақ қалдықтарын, органикалық заттарды, аралас қалдықтар мен қалдықтарды үй шаруашылықтарының қалдықтарына ұқсас сипаты мен құрамы бойынша сақтауға арналған;

- **Құрғақ** фракцияға арналған торлы металл контейнерлер — қағазды, картонды, металды, пластикті және әйнекті жинауға арналған. Қоқыс шығару арнайы кесте бойынша және қаланың әртүрлі аймақтарына барады. Барлық жиналатын ҚТҚ "Green Recycle" қоқыс сұрыптау кешеніне беріледі. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығару мақсатында Алматы қаласында 25 қалдықтарды жинау ұйымы бар. Қазіргі уақытта қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған 1454 контейнерлік алаң бар, оларда 8003 контейнер орнатылған, оның ішінде 990 контейнермен 198 көмілген алаң бар. Алматыдан күніне 1200 тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылады. Контейнер алаңдарында қайта өңделетін материалдарды жинауға арналған барлығы 1300-ден астам торлы контейнерлер орнатылған; Қаладағы мемлекеттік және білім беру ұйымдарында макулатура, шыны ыдыстар мен пластик қалдықтарын жинауға арналған мыңнан астам экожәшік орнатылды. Қалада барлығы 7 қоқыс жинайтын пункт пен бір экостанция бар. Барлық жиналған қалдықтар қуаттылығы жылына 550 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды құрайтын **Green Recycle** қалдықтарды сұрыптау

кешеніне (МКК) тасымалданады. Сұрыптаудан кейін қайта өңделмейтін фракциялар Алматы облысы, Қарасай ауданы, Әйтей ауылында орналасқан полигонға жіберіледі.



10 - сурет -ТҚҚ қалдықтарды жинауға арналған контейнер(Алматы, Ауезов ауданы)

10 - кесте - Бөлек жинау жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері


Жүйенің артықшылықтары	Жүйенің кемшіліктері
жоғары сапалы қайта өңделген материалдар	қалдықтарды шығару үшін көлік шығындарын арттыру
органикалық заттарды қатты қалдықтардың құрамдас бөлігі ретінде қолдану	Көп жинақтаушы сыйымдылықтар (контейнерлер)
жүктемені азайту мақсатында қалдықтарды сұрыптау байланысты қалдықтар 40 %-ға дейін ; полигонға келуін, азайту	

5 Қатты тұрмыстық қалдықтардың полигондарының классификациясы

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 25-тарау, 349 бапқа сәйкес қалдықтарды орналастыру алаңын кестеде көрсетілгендей үш сыныптың біріне жатқызуға болады.

болады.

11 - кесте - Полигондардың сыныптары



Қауіпті қалдықтар полигоны:

- ластану аймағының ұзындығы шамамен 1,5 км;
- табиғи ортаға теріс әсер етеді және қалдықтардың аралас құрамы бар;
- елді мекендерге, су қоймаларына немесе ормандарға жақын, мүмкін қорғалатын аумақтарға жақын орналасқан;
- полигондардың айналасындағы құнарлы топырақ орташа қауіпті, қауіпті немесе аса қауіпті, жер үсті су ағындары орташа немесе қатты ластану дәрежесіне ие;
- ластанған аумақтарда тек қана сулы горизонттардың ғана емес, сонымен қатар көмірмен жұмыс істейтін ауыз су тұтқыштарының да ластануы байқалады;
- қоршаған ортаның радионуклидтермен ластануы жиі кездеседі.

Қауіпті емес қалдықтар полигоны:

- ластану аймағының ұзындығы 900 м дейін;
- қоршаған ортаға кері әсері бар;
- елді мекендер мен су айдындарына салыстырмалы жақын орналасқан;
- полигонға жақын топырақ орташа қауіпті немесе рұқсат етілген ластану дәрежесіне ие болса; су ағындарында радионуклидтер жоқ, олар орташа немесе әлсіз ластанған;

Тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары:

- ластану аймағының ұзындығы 600 м дейін;
- полигон аймағында қоршаған ортаны қорғау аймақтары немесе тұрғын үй құрылыстары жоқ;

ҚТҚ полигондарын жабдықтау ережелері


